

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

- 1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін қызмет көрсету туралы ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;
- 2) Қызметтер - Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық мәні жоқ Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген іс-әрекет.

1.4. Қызметтер мына мекенжай бойынша көрсетіледі: Астана қ, Мәңгілік ел даңғылы, 57А (бұдан әрі - Объект).

1.5. Қызметтердің құны және қосымша ақпарат Шарттың техникалық ерекше нұсқамада (бұдан әрі - 1 Қосымшасы -Техникалық ерекше нұсқама) көрсетілген.

1.6. Қызметтерді Жеткізуші өз материалдарын және жабдықтарын пайдаланумен, өз күштерімен және құралдарымен көрсетеді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізушіден белгіленген тәртіпте рәсімделген шот-фактураларды (электронды шот-фактураларды) және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған көрсетілген Қызмет актісін (бұдан әрі - Акт) алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде Қызметті тиісінше көрсету фактісі бойынша ай сайын;

Төлем Жеткізуші тиісті түрде рәсімделген электронды шот-фактураларды, Актіні және талдама мен орындалған жұмыс Актісін берген кезде жүргізіледі.

Электронды шот-фактуралар шот және Акт тиісті түрде рәсімделмей берілген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетілсе, Тапсырыс беруші оларды төлеместен қайтарып береді және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактуралар және Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Электронды пошта және/немесе басқа да тәсілмен алынған құжаттардың заңдық күші бар және Тапсырыс беруші оларды кейін мына 5 (бес) жұмыс күні ішінде (Тапсырыс беруші қаласынан тыс жерде орналасқан жеткізушілер үшін) түпнұсқасына ауыстыра отырып, қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Шарт талаптарына сәйкес және 1С: Кәсіпорын 8.X жұмыс қабілеттілігіне сынақ өткізгеннен кейін Актіге қол қою арқылы Жеткізуші көрсеткен Қызметтерді қабылдауға;
- 5) өзінің конфиденциалды және құпия ақпараттарын сақтау және қорғауға өздігінен шаралар қолдануға;
- 6) Шарт талаптарымен көзделген Қызметтер көрсету кезеңінде Жеткізушінің қызметкерлерін Объектілерге кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;
- 7) Жеткізушіге Қызметтер көрсету уақытына жұмыс орнын, Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтерге қатысты қажетті ақпараттарды беруге;
- 8) Жеткізушінің қызметкерлерін рұқсатпен кіру және ішкі нысандық тәртіп бойынша нұсқаулықтан өткізуге;
- 9) Тестілеуге берілген күннен бастап 1С:Кәсіпорын 8.X-те жұмыс істей алу қабілеттілігіне 5 (бес) жұмыс күні ішінде сынақ өткізуге;
- 10) Техникалық және жұмыс құжаттамаларын әзірлеу туралы жазбаша сұрату беруге;
- 11) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін уақтылы ақы төлеуді талап етуге

міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істеулер, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда Жеткізушіден анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе ішінара немесе толық төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Жеткізушіден Қызметтерді көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нормаларды, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды және Тапсырыс берушінің мүлігіне ұқыпты қарауды талап етуге;
- 8) қабылдау-өткізу барысында, сонымен қатар кепілдік мерзімінде көрсетілген Қызметтерден ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оның ішінде жасырыны бар, Жеткізушінің жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде оларды жоюды (ауыстыруды) талап етуге немесе Жеткізушіге жазбаша дәлелдемелі бас тарту жібере отырып, Қызметті қабылдаудан және ішінара немесе толықтай ақы төлеуден бас тартуға;
- 9) Жеткізушіні Шарт бұзу күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша ескертіп, Шартты:
 - Жеткізуші Қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісінше орындамаған жағдайда;
 - Көрсетілген Қызметтердегі ақаулықтарды жою бойынша Жеткізуші шаралар қолданбағанда немесе жеткіліксіз қолданған жағдайда;
 - Қызметті сатып алуды мақсатсыз деп негізделген, еңсерілмейтін күш жағдайларының басталғаны сатып алу жоспарында көзделген Қызметті сатып алуға шығындарды қысқартқан жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға;
 - Тапсырыс берушінің тендер, баға ұсыныстарды сұрату және тікелей шарт жасау тәсілімен сатып алуға қатысқан Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмекті көрсеткен жағдайында;
 - Жеткізуші берген мәліметтерде шынайы емес ақпараттар анықталған жағдайда;
 - Қағидалар және (немесе) тендер, баға ұсыныстарды сұрату және тікелей шарт жасау тәсілімен сатып алу талаптарын сатып алу қорытындысына әсер еткен бұзушылықтар анықталған жағдайда біржақты соттан тыс тәртіпте бұзуға құқылы.

10) Шартты кез келген уақытта, егер Жеткізуші сот шешімі заң күшіне енгеніне сәйкес банкрот немесе Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы нормаларына сәйкес төлемге қабілетсіз болған жағдайда, Жеткізушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы соттан тыс тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндайда, Шартты бұзу тез арада жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Шарттың бұзылуы соңында қандай да бір Тапсырыс берушіге әсер еткен немесе әсер ететін іс-әрекеттер жасау мен санкциялар қолдану құқығына зиян келтірмесе немесе әсерін тигізбесе, Жеткізушіге қатысты қандай да бір қаржылық міндеттемелерді мойнына алмайды.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші қабылдау-өткізу барысында көрсетілген Қызметтерден ақаулар, анықталған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тапсырыс беруші 1С: Кәсіпорын 8.X жұмыс қабілеттілігіне сынақ өткізу барысында көрсетілген Қызметтен ақаулар анықталған жағдайда, сондай-ақ кепілдік мерзімі ішінде, Тапсырыс беруші бұл туралы хабарлаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды өз есебінен қалпына келтіруге, ауыстыруға.

12) Тапсырыс берушінің жазбаша сұратуы бойынша Тапсырыс берушінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жаңа есептік үлгілік нысандар әзірлеген, сондай-ақ конфигурацияны өзгерткеннен кейін техникалық процесті сипаттай отырып, техникалық және жұмыс құжаттамаларын әзірлеуге;

13) Тапсырыс берушінің бағдарламалық қорына берілетін техникалық және жұмыс құжаттамаларының сапасына, сондай-ақ дискі арқылы берілген электронды құжаттардың қағаз нұсқадағы құжаттамалармен сәйкестігіне кепілдік беруге;

- 14) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде құрал-жабдықтарының, материалдар мен Тапсырыс берушінің мүлігінің оқыстан қирауы мен оқыстан зақымдалу тәуекелін көтеруге;
- 15) Шарт бойынша Жеткізуші өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс беруші Шартты біржақты соттас тыс тәртіпте бұзған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 16) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін кімге болмасын толықтай да, ішінара да бермеуге;
- 17) ай сайын кеңес беру қызметтерін, сондай-ақ құжаттар, есептік үлгілік нысандар, анықтамалықтар және т.с.с. әзірлеу, өңдеу және өзгерту қызметтерін көрсетуге;
- 18) Тапсырыс берушінің қажет етуіне қарай 1 С: Кәсіпорын 8.X конфигурациясы мен платформасын жаңартуға;
- 19) Тапсырыс берушінің ауызша немесе жазбаша (факс, электронды пошта, қағаз нұсқада) тапсырыстарын алғаннан кейін жұмыс күнінде 4 (төрт) сағат ішінде оларға жауап беруге (кеңес беруге кірісу немесе қызмет көрсету);
- 20) Тапсырыс беруші тапсырысын 10 (он) жұмыс күні ішінде орындауға немесе тапсырысты орындау уақытының ұлғайғаны туралы, бірақ 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық емес мерзімге жазбаша хабарламаны беруге;
- 21) Телефон байланысы бойынша кеңес беру қызметтерін өтемсіз түрде көрсетуге;
- 22) Тапсырыс берушінің Объектілерде Қызметтерді көрсетуге;
- 23) Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс жүргізу үшін уәкілетті тұлғаларды белгілеуге және ол туралы уәкілетті өкілдердің барлық байланыс телефондарын, мекенжайларын және т.б. көрсете отырып, Тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабарландыруға;
- 24) Журналды уақтылы толтырып отыруға;
- 25) Шарт бойынша қызмет көрсету уақытында Жеткізуші кінәсінен келтірілген зиян немесе кеткен қателіктер нәтижесінде Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың қойған даулы мәселелерін (үшінші тараптың талаптары және/немесе сындары) Тапсырыс берушіні іске араластырмай өздігінен өз есебінен шешуге;
- 26) Тапсырыс беруші Объектілерде белгілеген рұқсатпен кіру және ішкі нысандық режим талаптарын сақтауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – Шартқа қол қойған сәттен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығында.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Астана қ., Мәңгілік ел д-лы, 57А.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Тапсырыс беруші Жеткізушіге Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес алдын ала Қызметтерді көрсетуге Өтінімді жібереді, ал Жеткізуші өз кезегінде Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес қажеттілік болған жағдайда, Қызмет құнына және / немесе атауына қатысты ескертулерді көрсете отырып, Өтінімді алғанын растайды.

5.2. Жеткізуші оған тиісті түрде ресімделген жіберілген Өтінімге сәйкес Қызметтерді көрсетуді жүзеге асырады.

5.3. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметтерді көрсеткеннен кейін Тапсырыс берушіні хабарландырады және Актіні қол қою үшін жібереді.

5.4. Тапсырыс берушіде Жеткізушімен көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тарап Актіге қол қояды.

5.5. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің бұл туралы хабарлаған күнінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

5.6. Қызметтерді көрсету күні Тараптар Актіге қол қойған күні болып табылады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1.-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, Актіге қол қою күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болғанда - кемінде 1%, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тан жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) > артық емес;

2) Көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда, ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5 %-ы (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) > артық емес;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жоюдан бас тартқан/мүмкін болмаған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл.

6.3. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алған конфиденциалды ақпараттарды жариялағаны салдарынан келтірілген шығынды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын

дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша нақты көрсетілген және қабылданған Қызметтер үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

-

-

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫК

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа

Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы

жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ___ тьин (_____ тенге ___ тьин), <без учета суммы НДС>.

